

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАР
АГЕНТТІГІ



АГЕНТСТВО ПО
СТРАТЕГИЧЕСКОМУ
ПЛАНИРОВАНИЮ И РЕФОРМАМ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/6
тел: 8 (7172) 64 97 89, 8 (7172) 64 97 93

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел,
55/6
тел: 8 (7172) 64 97 89, 8 (7172) 64 97 93

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Е.С. Бейсенбаевқа

2023 жылғы 28 сәуірдегі
№ ДС-118

Құрметті Елнұр Сабыржанұлы!

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі (бұдан әрі – СЖЖРА) мемлекеттік статистика бойынша уәкілетті орган ретінде әртүрлі салалар, соның ішінде баға, жалақы және халықты жұмыспен қамту жөнінде ресми ақпаратты қалыптастырады.

Статистикалық өндіріс процесін жетілдіру және ресми статистикаға сенімді арттыру мақсатында Мемлекет басшысының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 22-6306-01 тапсырмасы және осы тапсырманы іске асыру үшін СЖЖРА қабылдаған Жол картасы шеңберінде кешенді шаралар қабылдануда.

1. Инфляция мен база деңгейіне қатысты.

Инфляцияны қалыптастыру кезінде Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес 508 тауар мен қызмет түрі бойынша бағаға мониторинг жүргізіледі. СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – Бюро) қызметкерлері ай сайын әртүрлі елді мекеннің түрлік бөліктерінде орналасқан, тауарларының ассортименті кең сауда объектілерінің іріктемелі шеңбері (сауда желілері, базарлар, үй қасындағы дүкендер) бойынша бағаларды тіркейді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының барлық аумағы бойынша 85 елді мекендегі 12 мыңнан астам сауда объектісі тұрақты зерттеулерге қатысады.

Инфляцияны есептеуді түсіндіру үшін Астана қаласы бойынша басты пиязға (бұдан әрі – пияз) негізделген мысал келтірейік.

Астана қаласы бойынша байқауға барлығы 426 базалық объект қатысады, онда 508 тауар мен қызметтің бағасы байқалады, оның ішінде 12 нысанда пияздың бағасына байқау жүргізіледі. Ағымдағы жылғы сәуір айының соңына осы 12 сауда объектісінде пияз бағасының диапазоны килограммына 151 теңгеден 300 теңгеге дейінгі аралықта болды. Нәтижесінде ағымдағы жылғы сәуір айының соңына Астана қаласы бойынша пияздың орташа бағасы

килограммына 202 теңгені құрады. 2022 жылғы сәуірмен салыстырғанда Астана қаласында пияздың бағасы 31 теңгеге немесе 18,1% қымбаттады.

Тұтыну қоржынының әрбір 508 тауары мен қызметі бойынша бағаның жеке өзгеруі байқалады. Мысалы, ағымдағы жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша жылдық есептеуде (12 айға) республика бойынша орташа алғанда шақпақ қант – 51,7%, қияр – 50,9%, консервіленген сүт – 44,5%, күріш – 43,9%, кептірілген өрік – 40,8%, ерітілген ірімшік 39,1% қымбаттады.

Осы тауарларға бағаның жоғары өсуі салдарынан тұтынушыларда инфляция (барлық 508 тауар мен қызмет бойынша орташа салмақталған баға өсуі) ресми жарияланған мәндерден жоғары болуы керек деген пікір жиі қалыптасады.

Дегенмен, кейбір тауарлардың бағасы тезірек, басқаларына баға баяуырақ өсетінін және керісінше, басқаларының бағасы төмендейтіндігін ескеру қажет. Сонымен, ағымдағы жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша жылдық есептеуде (12 айға) республика бойынша орташа алғанда жылқы еті – 11,9%, шикідей ысталған шұжық – 11,6%, сиыр еті – 11,1%, тәтті бұрыш – 9,5%, қой еті – 9,3%, күнбағыс майы – 8,3%, алма 7,5% қымбаттады. Сонымен қатар баға қырыққабатқа – 53,4%, сәбізге – 19,2%, сарымсаққа – 15,9%, картопқа 13,9% арзандады.

Сонымен бірге әрбір өңірдегі баға өсімі жеке сипатта болатындығын ескеру қажет. Пияз бойынша мысалда көрсетілгендей республика бойынша бір жылда орташа баға өсуі 35,3% құрады. Сол уақытта Атырау облысында 12 айда пияз 69,3%, Абай облысында – 63,5%, Қарағанды облысында – 59,2%, Шығыс Қазақстан облысында 56,7% қымбаттады.

Тұтыну қоржынның әрбір тауарының үй шаруашылықтарының шығыстары негізінде анықталатын өз салмағы бар. Мысалы тұтыну қоржынындағы пияздың салмағы 0,3%. Тауардың салмағы негізінде оның инфляцияға салымы анықталады.

Осылайша, инфляция тұтыну қоржынының құрамындағы барлық тауарлар мен қызметтер бағасының өзгеруінің орташа салмақталған мәні болып табылады.

ЕАЭО елдері бойынша инфляция деңгейін ақпарат үшін келтіреміз.

ЕАЭО елдеріндегі жылдық инфляция, %

	Желтоқсан 2022ж.	Қаңтар 2023ж.	Ақпан 2023ж.	Наурыз 2023ж.	Сәуір 2023ж.	Анықтама үшін:			
						қаңтар 2022ж.	ақпан 2023ж.	наурыз 2022ж.	сәуір 2022ж.
Қазақстан	20,3	20,7	21,3	18,1	16,8	8,5	8,7	12,0	13,2
Ресей	11,9	11,8	11,0	3,5	...	8,7	9,2	16,7	17,8
Беларусь	12,8	12,0	11,7	6,0	...	10,4	10,0	15,9	16,8
Қырғызстан	14,7	15,3	16,2	12,7	...	11,2	10,8	13,2	14,5
Армения	8,3	8,1	8,1	5,4	3,2	7,1	6,5	7,4	8,4

... – 2023 жылғы 10 мамырдағы жағдай бойынша деректер жарияланған жоқ

Бюро инфляцияны есептеу әдіснамасы мен процесін түсіндіру мақсатында ағымдағы жылдың сәуір айында журналистер үшін тур ұйымдастырды, онда бағаны тіркеу процесі көрсетілді, журналистердің сұрақтарына жауаптар берілді.

Сізге ыңғайлы уақытта «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары мен мониторингтік топқа әдіснаманы түсіндіру үшін Астана қаласы бойынша тур өткізуді ұсынамыз.

Қосымша 2022 жылғы қыркүйек айынан бастап Бюро сайтында инфляцияны есептеу әдіснамасы және талдау үшін әртүрлі кесінділер көрсетілген дэшборд орналастырылған (<https://stat.gov.kz/ru/instruments/dashboards/8764/>).

Сондай-ақ, Бюро инфляцияны есептеу үшін деректерді жинау процесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырып жатқанын атап өтеміз. Ағымдағы жылғы сәуірден бастап штрих-кодты және тауардың суретін оқуға, бөлшек сауда объектісінің орналасқан жерін растауға және деректерді онлайн режимінде жіберуге мүмкіндік беретін мобильді қосымша сынамадан өткізілуде.

Одан басқа, Бюро халықаралық тәжірибе негізінде инфляцияны есептеу үшін сатып алушылар жасаған нақты транзакцияларды белгілейтін бақылау-касса машиналарының деректерін пилоттық режимде пайдалануға кірісті.

Бюро Сізге ыңғайлы уақытта жаңа құралдарды көрсетуге дайын.

2. Халықтың орташа айлық жалақысы мен жан басына шаққандағы орташа табысы мәселесіне қатысты.

Орташа айлық жалақы туралы ақпарат кәсіпорындар мен ұйымдар тоқсандық және жылдық негізде ұсынатын статистикалық есептілік негізінде қалыптастырылады.

Орташа айлық жалақы есептелген жалақы қорының сомасын (қосымша ақыларды, үстемақыларды, сыйлықақыларды, салықтарды және зейнетақы аударымдарын ескере отырып) кезеңдегі қызметкерлердің нақты санына бөлу арқылы әр ұйымның деңгейінде де, өңірлер мен экономикалық қызмет түрлері бойынша да есептеледі.

Кәсіпорындардың 2023 жылғы 1 тоқсандағы есептерінің қорытындысы бойынша ҚР бойынша орташа айлық жалақы 340 636 теңгені құрады.

Өңірлер бөлінісінде ең жоғары ақы төленетін Атырау облысы болып табылады, онда 2023 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша қызметкерлер 618 420 теңге, Қазақстан бойынша орташа көрсеткіштен 81,5%-ға артық алды. Одан кейін орташа жалақы республикалық деңгейден 1,5 есе жоғары Маңғыстау облысы (509 818 теңге) келеді.

Бұл осы салалардағы қызметкерлердің жалақысы көбіне жоғары жалақы төленетін сала балып табылатын кен өндіру өнеркәсібі есебінен қалыптастырылатынына байланысты. 2023 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша тау-кен өнеркәсібі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу орташа 766 555 теңгені құрады, бұл республикалық деңгейден 2,2 есе артық.


Сонымен қатар, орташа айлық жалақы республикалық деңгейден әлдеқайда төмен өңірлер бар. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысында 2023 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша жалақы орташа республикалық деңгейден 29,2%-ға, Жетісу облысында 27,7%-ға төмен болды.

Салалар бөлінісінде орташа республикалық деңгеймен салыстырғанда төмен ақы төленетін саланың бірі – ауыл, орман және балық шаруашылығы ҚР бойынша қарағанда 47,3%-ға, сумен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет 40,7%-ға, өнер, ойын-сауық және демалыс 40,4%-ға төмен болып табылады.

Осылайша, өңірлік және салалық айырмашылықты есепке ала отырып, 2023 жылдың 1 тоқсанында Қазақстан Республикасы бойынша орташа айлық жалақы 340 636 теңгені құрады.

Түсінікті болу үшін біз 2022 жылы кәсіпорындарды зерттеу қорытындысы бойынша жалақы мөлшері бойынша қызметкерлер санын бөлуді ұсынамыз.

2022 жылға Қазақстан Республикасындағы орташа жалақы мөлшері бойынша қызметкерлер санын бөлу, %



Есепті деректерге сәйкес зерттелген кәсіпорындар қызметкерлерінің 5,7%-ы 70 мың теңгеге дейін жалақы алды, 70 мыңнан 150 мың теңгеге дейін – 28,0%, 150 мыңнан 300 мыңға дейін – 37,6%, 300 мыңнан 420 мыңға дейін – 14,4%, 420 мыңнан астам – 14,2%.

Егер сіз осы диаграмманы қызметкерлер саны бойынша екі тең жартыға бөлсеңіз, онда сарапшылар жалақының қосымша орташа мөлшері ретінде пайдаланатын медиана анықталады.

2022 жылы Бюро тоқсандық негізде медиананы бағалауды жариялай бастады. 2023 жылдың 1 тоқсанында бағалау бойынша медиана 225 736 теңгені құрады.

«Халықтың жан басына шаққандағы орташа табысы» ұғымы «жалақы» ұғымынан тұжырымдамалық тұрғыдан ерекшеленетініне назар аударамыз.

Жалақы табыстың негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Халықтың табыстарына еңбек қызметінен түсетін табыстар (жалақы және кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстар), әлеуметтік трансферттер және басқа да ақшалай түсімдер жатады. Халық табыстарының құрылымының ең үлкен үлесін еңбек қызметінен түсетін табыстар – 76%, әлеуметтік трансферттерден түсетін табыстар – 12%, өзін-өзі жұмыспен қамтудан түсетін табыстар – 11% және басқа да ақшалай табыстар – 1% құрайтынын көрсетеді.

Халықтың табысы бойынша деректер жан басына шаққанда қалыптастырылатынын түсіндіреміз. Яғни, үй шаруашылығының барлық табыстарының сомасы оның барлық мүшелеріне, соның ішінде балаларға, зейнеткерлерге, жұмыссыздарға және басқаларға бөлінеді.

Осы екі ұғымның арасындағы айырмашылықты нақты көрсететін мысал келтірейік.

Үй шаруашылығы 6 адамнан тұрады:

күйеуі – айына 210 мың теңге мөлшерінде жалақы;

әйелі – бала күтімі бойынша демалыста, бала күтімі бойынша жәрдемақы алады 30 мың теңге;

3 кәмелетке толмаған бала – асырауында;

күйеуінің анасы (зейнеткер) – зейнетақы 67 500 теңге.

Үй шаруашылығының жалпы табысы: 210 мың + 30 мың + 67,5 мың теңге = 307,5 мың теңге / 6 адам = 51 250 теңге. Осы мысалға сүйене отырып, осы үй шаруашылығында айына жан басына шаққандағы табыс орташа есеппен 51 250 теңгені құрайды.

Халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табыстары туралы ақпарат ай сайынғы, тоқсандық және жылдық негізде қалыптастырылады. Көрсеткішті есептеу халықтың табыстары (жалдамалы жұмыспен қамтудан түсетін табыстар (жалақы), дербес жұмыспен қамтудан түсетін табыстар, төленген әлеуметтік трансферттер, өзге де табыстар) туралы барлық деректерді (статистикалық және әкімшілік) халықтың табыстарын жасыруға жете есептеуді ескере отырып, біріктіру жолымен жүзеге асырылады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы бойынша халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табысы айына 154 417 теңгені құрады.

Өтініште келтірілген ақпарат «халықтың жартысында айлық табысы 50 мың теңгеден аспайды» 2020 жылы үй шаруашылықтарының бюджеттерін іріктеп тексеру қорытындысы бойынша (респонденттердің сөзімен) қалыптастырылды. Өткен екі жылда жағдай айтарлықтай өзгерді 2021 жылы халықтың 41,5% – 50 мың теңгеден аз табыс тапса, 2022 жылы ол 27,8%-ды көрсетті. 2020 жылдан 2022 жыл аралығында халықтың жан басына шаққандағы орташа табысы номиналды мәнде 33% және нақты мәнде 7% өсті.

3. Еңбек нарығының көрсеткіштерін қалыптастыру әдіснамасына қатысты.

Бюро еңбек нарығының көрсеткіштері жүйесін қалыптастыруды Халықаралық еңбек ұйымының (бұдан әрі – ХЕҰ) халықаралық стандарттары және Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы (1-бап) негізінде жүзеге асырады. Көрсеткіштер жүйесі мен қалыптастыру әдістемесі халықаралық деңгейде салыстырмалы.

Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері, соның ішінде жұмыспен қамтылғандар саны туралы ақпараттың деректер көзі халықты жұмыспен қамту бойынша үй шаруашылықтарына іріктемелі жүргізілетін зерттеуі болып табылады. Зерттеу Статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес белгіленген мерзімде республиканың барлық өңірлерінде ай сайын жүргізіледі.

Жұмыссыздарға:

- жұмыссыз болған (яғни, табысты жұмысы болмаған);
- оны іздеумен белсенді айналысқан (яғни, жұмыспен қамту жөніндегі органдарға жүгінген, өз беттерінше баспасөздегі хабарландырулар, интернет жүйесі, жұмыс берушімен тікелей байланыс, жеке таныстары арқылы, яғни жұмыс табу бойынша іс-әрекет жасаған);
- бір апта ішінде жұмысқа кірісуге дайын болған деген үш негізгі критерийлерге бір мезгілде жауап берген 15 жастан үлкен жастағы адамдар жатады.

Яғни, жұмыссыздарға бір апта ішінде бір сағатта жұмыс істемеген, жұмыс іздеу үстіндегі және жұмысқа кірісуге дайын адамдар жатқызылады.

Осыған орай, жалпы жұмыссыздар саны тек тіркелген жұмыссыздарды ғана емес, өз бетінше жұмыс іздеуші жұмыссыздарды да қамтиды.

Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшіндегі жұмыссыздардың үлесі ретінде есептеледі, пайызбен өлшенеді. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі де осындай жолмен есептеледі. Жұмыспен қамтылған және жұмыссыздардың қосындысы жұмыс күші болып табылады. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту органдарында 2022 жылғы желтоқсан айының соңына 132,3 мың жұмыссыз ресми тіркелгенге назар аударамыз. Тіркелген жұмыссыздардың үлесі жұмыс күшінің 1,4%-ын құрады.

Еңбек нарығындағы нақты жағдайды және стандартты жұмыссыздық деңгейінің шектеулі шектерін есепке ала, Бюро ХЕҰ-ның әдістемелік ұсыныстарына сүйене отырып, жұмыссыздыққа қосымша бағалау есептерін жүргізеді. Олар жұмыс уақытының ұзақтығы бойынша толық емес жұмыспен қамтылу мәселесін, әлеуетті жұмыс күшін, яғни ХЕҰ үш критерийінің екеуіне ғана сәйкес келетін адамдардың жағдайын есепке алады.

Жұмыссыздықтың төмен деңгейі адамдардың жұмыссыз қалуға мүмкіндігі жоқ екенін ескеру қажет. Олар кез келген жағдайда – бейресми экономикада немесе ресми экономикада бейресми жағдайда немесе экономиканың табысы төмен салаларында, жеке қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істеу арқылы күн көруі керек.

Осылайша 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы бойынша бейресми жұмыспен қамтылғандар саны 1151,1 мың адамды құрады.

NEET көрсеткішін қалыптастыру мәселесі бойынша.

ХЕҰ анықтамасы бойынша NEET жастары – бұл білім беру жүйесінде немесе жұмыспен қамтылу жүйесінен тыс жүрген, жұмыс істемейтін, білім алумен немесе кәсіби даярлықпен айналыспайтын жастардың бөлігі және жастардың еңбек нарығының ықтимал көзі болып табылады. 2022 жыл бойынша NEET жастары саны 215,8 мың адам, NEET жастарының үлесі – 6,5%.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өндірумен (өткізумен) еңбек шартынсыз жеке дара айналысатын адамдар екенін атап өтеміз. Бұл топтағылар жұмыспен қамтылғандар қатарында болғандықтан, NEET жастарының санатына кірмейді. 2022 жыл бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастар саны 408 мың адамды құрады.

Бюро 2023 жылдың 1 тоқсанынан бастап «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңына сәйкес 15-34 жас аралығындағы жастар бойынша ақпаратты қалыптастырады және жариялайды.

**Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің төрағасы**

Ә. Ерғалиев

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ РЕФОРМАЛАР
АГЕНТТІГІ



АГЕНТСТВО ПО
СТРАТЕГИЧЕСКОМУ
ПЛАНИРОВАНИЮ И РЕФОРМАМ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/6
тел: 8 (7172) 64 97 89, 8 (7172) 64 97 93

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел,
55/6
тел: 8 (7172) 64 97 89, 8 (7172) 64 97 93

№ _____

Депутату
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Бейсенбаеву Е. С.

№ ДС-118
от 28.04.2023г.

Уважаемый Елнур Сабыржанович!

Агентство по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан (далее – АСПиР) как уполномоченный орган по государственной статистике формирует официальную информацию по различным отраслям, в том числе по ценам, заработной плате и занятости населения.

В целях совершенствования процесса статистического производства и повышения доверия к официальной статистике принимаются комплексные меры в рамках поручения Главы государства от 29 декабря 2022 года №22-6306-01 и Дорожной карты, принятой АСПиР в ее реализацию.

1. Касательно инфляции и уровня цен.

При формировании инфляции мониторинг цен осуществляется по 508 наименованиям товаров и услуг в Казахстане согласно международным стандартам. Ежемесячно работники Бюро национальной статистики АСПиР (далее – Бюро) регистрируют цены по выборочному кругу объектов торговли (торговые сети, рынки, магазины у дома) с широким ассортиментом товаров, расположенных в различных частях населенного пункта.

Так, в регулярном обследовании по всей территории Республики Казахстан участвуют более 12 тысяч объектов торговли в 85 населенных пунктах.

Для разъяснения расчета инфляции приведем пример на основе лука репчатого (далее – лук) по г.Астана.

Всего по г.Астана в наблюдении участвует 426 базовых объектов, где наблюдаются цены по 508 товарам и услугам, из них в 12 объектах наблюдаются цены на лук. На конец апреля т.г. диапазон цен на лук в этих 12 объектах торговли варьировался от 151 до 300 тенге за килограмм. В результате средняя цена на лук на конец апреля т.г. по г.Астана составила 202 тенге за килограмм. По сравнению с апрелем 2022 года цена на лук выросла на 31 тенге или 18,1% в г. Астана.

По каждой из 508 позиций потребительской корзины наблюдается свое индивидуальное изменение цен. Например, по итогам апреля т.г. в годовом исчислении (за 12 месяцев) в среднем по республике цены на сахар-рафинад выросли на 51,7%, огурцы – на 50,9%, молоко консервированное – на 44,5%, рис – на 43,9%, курагу – на 40,8%, сыры плавленые – на 39,1%.

На фоне опережающего роста цен по этим товарам у потребителей зачастую формируется мнение, что инфляция (средневзвешенный рост цен по всем 508 позициям) должна быть выше официально публикуемых значений.

Однако следует учитывать, что на некоторые товары цены растут быстрее, на другие – медленнее, а на третьи – напротив, снижаются. Так, по итогам апреля т.г. в годовом исчислении (за 12 месяцев) в среднем по республике конина подорожала на 11,9%, колбаса сырокопченая – на 11,6%, говядина – на 11,1%, перец сладкий – на 9,5%, баранина – на 9,3%, масло подсолнечное – на 8,3%, яблоки – на 7,5%. В то же время наблюдалось снижение цен на капусту на 53,4%, морковь – на 19,2%, чеснок – на 15,9%, картофель – на 13,9%.

Также следует учитывать, что рост цен в каждом регионе носит индивидуальный характер. На примере лука, средний рост цены за год по всей республике составил 35,3%. В то же время, в Атырауской области за 12 месяцев лук подорожал на 69,3%, в Абай – на 63,5%, в Карагандинской – на 59,2%, в Восточно-Казахстанской – на 56,7% и т.д.

У каждого товара в потребительской корзине имеется свой вес, определяемый на основе расходов домашних хозяйств. Например, вес лука составляет 0,3% в потребительской корзине. На основе веса товара определяется его вклад в инфляцию.

Таким образом, инфляция является средневзвешенным значением изменения цен на все товары и услуги в составе потребительской корзины.

По итогам апреля 2023 года инфляция в Республике Казахстан в годовом выражении составила 16,8% (в марте 2023 года – 18,1%), в месячном выражении – 0,9% (в марте – 0,9%).

Для информации приводим также уровень инфляции по странам ЕАЭС.

Годовая инфляция в странах ЕАЭС, в %

	Декабрь 2022г.	Январь 2023г.	Февраль 2023г.	Март 2023г.	Апрель 2023г.	Справочно:			
						январь 2022г.	февраль 2022г.	март 2022г.	апрель 2022г.
Казахстан	20,3	20,7	21,3	18,1	16,8	8,5	8,7	12,0	13,2
Россия	11,9	11,8	11,0	3,5	...	8,7	9,2	16,7	17,8
Беларусь	12,8	12,0	11,7	6,0	...	10,4	10,0	15,9	16,8
Кыргызстан	14,7	15,3	16,2	12,7	...	11,2	10,8	13,2	14,5
Армения	8,3	8,1	8,1	5,4	3,2	7,1	6,5	7,4	8,4

... – по состоянию на 10.05.2023г. данные не опубликованы

С целью разъяснения методологии и процессов расчета инфляции Бюро проводило в апреле т.г. тур для журналистов, где была проведена демонстрация процесса регистрации цен, представлены ответы на вопросы журналистов.

Предлагаем в удобное для Вас время провести тур для депутатов фракции партии «АМАНАТ» и мониторинговой группы в городе Астана для разъяснения методологии.

Дополнительно на сайте Бюро с сентября 2022 года размещен дэшборд, который демонстрирует методологию расчета инфляции и различные срезы для анализа (<https://stat.gov.kz/ru/instruments/dashboards/8764/>).

Также отмечаем, что Бюро продолжает работу по совершенствованию процесса сбора данных для расчета инфляции. С апреля т.г. апробируется мобильное приложение, позволяющее считывать штрих-код и изображение товара, подтверждать локацию торгового объекта и передавать данные в онлайн режиме.

Кроме того, для расчета инфляции на основе международного опыта Бюро приступило в пилотном режиме к использованию данных контрольно-кассовых машин, которые фиксируют фактические транзакции, совершаемые покупателями.

Бюро готово провести демонстрацию новых инструментов в удобное для Вас время.

2. Касательно вопроса среднемесячной заработной платы и среднедушевых доходов населения.

Информация по среднемесячной заработной плате формируется на основе статистической отчетности, предоставляемой предприятиями на квартальной и годовой основе.

Среднемесячная заработная плата рассчитывается как на уровне каждой организации, так и по регионам и видам экономической деятельности, путем деления суммы начисленного фонда заработной платы (с учетом доплат, надбавок, премий, налогов и пенсионных отчислений) на фактическую численность работников за период.

По итогам отчетов предприятий за 1 квартал 2023 года среднемесячная заработная плата по РК составила 340 636 тенге.

В разрезе регионов наиболее высокооплачиваемой является Атырауская область, где по итогам 1 квартала 2023 года работники получали в среднем 618 420 тенге или на 81,5% больше, чем по Казахстану. За ней следует Мангистауская область, где средняя заработная плата (509 818 тенге) в 1,5 раза выше республиканского уровня.

Это связано с тем, что оплата труда работников в этих областях в большей степени формируется за счет горнодобывающей промышленности, которая является наиболее высокооплачиваемой отраслью. По итогам 1 квартала 2023 года работники горнодобывающей промышленности получали в среднем 766 555 тенге, что в 2,2 раза выше республиканского уровня.


В то же время есть регионы, в которых среднемесячная заработная плата намного ниже республиканского уровня. К примеру, в Северо-Казахстанской области заработная плата по итогам 1 квартала 2023 года была ниже среднереспубликанского уровня на 29,2%, в области Жетысу – на 27,7%.

В разрезе отраслей по сравнению со среднереспубликанским уровнем одними из низкооплачиваемых являются – сельское, лесное и рыбное хозяйство на 47,3% ниже чем по РК, Водоснабжение; сбор, обработка и удаление отходов, деятельность по ликвидации загрязнений на 40,7%, искусство, развлечения и отдых на 40,4% соответственно.

Таким образом, с учетом региональной и отраслевой специфики среднемесячная заработная плата по Республике Казахстан за 1 квартал 2023 года составила 340 636 тенге.

Для наглядности представляем распределение численности работников по размерам заработных плат по итогам обследования предприятий в 2022 году.

Распределение численности работников по размерам средних заработных плат в Республике Казахстан за 2022 год, в %



Согласно отчетным данным заработную плату до 70 тыс. тенге получали – 5,7% работников обследованных предприятий, от 70 до 150 тыс. тенге – 28,0 %, от 150 до 300 тыс. – 37,6%, от 300 до 420 тыс. – 14,4%, свыше 420 тыс. – 14,2%.

Если поделить данную диаграмму на две равные половины по количеству работников, то будет определена медиана, которая используется экспертами в качестве дополнительной средней величины заработной платы.

В 2022 году Бюро начало публиковать оценку медианы на квартальной основе. Медиана по оценке за 1 квартал 2023 года составила – 225 736 тенге.

Обращаем внимание, что понятие «среднедушевые доходы населения» концептуально отличается от понятия «заработной платы».

Заработная плата является одной из основных составляющих доходов. Доходы населения включают доходы от трудовой деятельности (заработная плата и доход от предпринимательской деятельности), социальные трансферты и прочие денежные поступления. Распределение структуры доходов населения показывает, что наибольший удельный вес составляют доходы от трудовой деятельности – 76%, на доходы от социальных трансфертов приходится 12%, на доходы от самостоятельной занятости – 11% и на прочие денежные доходы – 1%.

Поясняем, что данные по доходам населения формируются в расчете на душу населения. То есть сумма всех доходов домашнего хозяйства делится на всех его членов, включая детей, пенсионеров, безработных и других.

Приведем пример, который наглядно показывает различие между этими двумя понятиями.

Домашнее хозяйство состоит из 6 человек:

муж – заработная плата в размере 210 тысяч тенге в месяц;

жена – находится в отпуске по уходу за ребенком, получает пособие по уходу за ребенком 30 тысяч тенге;

3 несовершеннолетних детей – на иждивении;

мать мужа (пенсионерка) – пенсия 67 500 тенге.

Итого доходы домашнего хозяйства составляют: 210 тысяч+ 30 тысяч+67,5 тысяч тенге=307,5 тысяч тенге/6 человек=51 250 тенге. Исходя из данного примера, доход в среднем на душу населения в месяц в данном домашнем хозяйстве составляет 51 250 тенге.

Информация по среднемудушным номинальным денежным доходам населения формируется на ежемесячной, ежеквартальной и годовой основе. Расчет показателя осуществляется путем агрегирования всех данных (статистические и административные) о доходах населения (доходах от наемной занятости (заработная плата), доходах от самостоятельной занятости, выплаченных социальных трансфертах, прочих доходах) с учетом досчета на сокрытие доходов населением.

По итогам 2022 года среднемушественные номинальные денежные доходы населения по Республике Казахстан составили 154 417 тенге в месяц.

Информация, приведенная в обращении о том, что «...у половины населения месячный доход не превышает 50 тысяч тенге...» сформирована за 2020 год по итогам выборочного обследования бюджетов домашних хозяйств (со слов респондентов). За прошедшие два года ситуация существенно изменилась – так в 2021 году доход менее 50 тысяч тенге имели – 41,5% населения, в 2022 году – 27,8%. С 2020 по 2022 год среднемушественные доходы населения выросли на 33% в номинальном выражении и на 7% в реальном выражении.

3. Касательно методологии формирования индикаторов рынка труда.

Бюро осуществляет формирование системы показателей по рынку труда на основе международных стандартов Международной организации труда (далее – МОТ) и Закона РК «О занятости населения» (статья 1). Система показателей и методология формирования сопоставима на международном уровне.

Основные индикаторы рынка труда, в том числе численность безработного населения формируются на основе выборочного обследования домашних хозяйств по занятости населения. Обследование проводится на всей территории республики, на ежемесячной основе в сроки согласно Плану статистических работ.

Согласно критериям МОТ, к безработным относятся лица в возрасте 15 лет и старше, которые отвечали одновременно трем основным критериям:

были без работы (т.е. не имели доходного занятия),

занимались активно ее поиском (т.е. обращались в службы занятости, искали работу самостоятельно с помощью объявлений в печати, в сети интернет, непосредственно обращались к работодателю, использовали личные связи, т.е. предпринимали действия по поиску работы),

были готовы приступить к работе в течение ближайших двух недель.

То есть к безработным относятся лица, которые не работали, даже одного часа в неделю, искали работу и были готовы приступить сразу к работе.

Таким образом, в общее число безработных включаются не только зарегистрированные безработные, но и безработные, ищущие работу самостоятельно без обращения в органы занятости.

Уровень безработицы рассчитывается как доля безработных в численности рабочей силы, измеренная в процентах. Уровень молодежной безработицы рассчитывается аналогично. Сумма занятых и безработных лиц составляет численность рабочей силы. Обращаем внимание, что официально на конец декабря 2022г. в органах занятости Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан зарегистрированы 132,3 тыс. безработных. Доля зарегистрированных безработных составила 1,4% от рабочей силы.

Учитывая реальную ситуацию на рынке труда и строгие границы стандартного уровня безработицы, Бюро на основе методологических рекомендаций МОТ, производит расчеты дополнительных оценок безработицы. Они учитывают ситуацию с неполной занятостью по продолжительности рабочего времени, потенциальную рабочую силу, то есть лиц, у которых соблюдается только один или два из трех критериев МОТ.

Следует учитывать, что низкий уровень безработицы может указывать на то, что люди просто не могут позволить себе быть безработными. Они должны зарабатывать себе на жизнь в любых условиях – в неформальной экономике либо работая в неформальных условиях в формальной экономике или в низкодоходных секторах экономики, в личном подсобном хозяйстве.

Так по итогам 2022 года численность неформально занятого населения по РК составила 1151,1 тыс. человек.

По вопросу формирования показателя NEET.

По определению МОТ, молодежь NEET – это часть молодежи, которая не работает, не занятая образованием или профессиональной подготовкой, которая находится вне системы образования и сферы занятости и является потенциальным источником молодежного рынка труда. По итогам 2022 года численность молодежи NEET – 215,8 тыс. человек, доля молодежи NEET– 6,5%.

Отмечаем, что самостоятельно занятые – это лица, занятые производством (реализацией) товаров, работ и услуг индивидуально без договора найма. Эта группа не относится к категории молодежи NEET, так как являются занятыми. За 2022 год численность самостоятельно занятой молодежи составила 408 тыс. человек.

С 1 квартала 2023 года Бюро формирует и публикует информацию по молодежи в возрастных границах 15-34 года включительно согласно Закону РК «О государственной молодежной политике».

**Председатель Агентства
по стратегическому
планированию и реформам
Республики Казахстан**

А. Иргалиев